

قَدَّم رِضَا اللّٰه

АЛЛАҢТЫҢ РАЗЫЛЫҒЫН
БАСҚАДАН АРТЫҚ КӨРУ



ABUHANIFA.KZ

mahadsunna.com

هَيْثُمْ سَرْحَان

sarhaan.com

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Аллаһтың разылығын артық көру

Адам, егер оған Оны Жаратқан Раббысы - Аллаһ разы болмаса, бақытқа жете алмайды. Аллаһтың разылығы – пенденің бұл дүниеде де, өлімнен кейінгі мәңгі өмірде де шынайы табысқа жетуінің кілті. Адамдар, бұны өздеріңіз білетіндей, екіге бөлінеді – Аллаһ Тағаланың адамдары мен шайтанның адамдары. Біріншілері – бақытты адамдар, ал екіншілері – бақытсыздар. Біріншілер - Аллаһтың разылығын қалап, соған ие болатындар, ал екіншілерді - Аллаһ Тағала оларға разы ма, разы емес па? – бұл оларды мүлде қызықтырмайтын адамдар. Аллаһ Тағала бақытты адамдар жайлы былай деген:

رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ ۖ أُولَٰئِكَ حِزْبُ اللَّهِ ۖ أَلَا إِنَّ حِزْبَ اللَّهِ هُمُ الْمُفْلِحُونَ

«Аллаһ олардан разы, олар да Аллаһтан разы. Міне осылар - Аллаһтың тобы. Ендеше біліңдер, расында, Аллаһтың тобы - міне, солар құтылушылар»

(«әл-Мужәдәлә» сүресі, 22-аят).

Ал бақытсыздар жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

ذَٰلِكَ بِأَنَّهُمْ اتَّبَعُوا مَا أَصْحَبَ اللَّهُ وَكَرِهُوا رِضْوَانَهُ فَأَحْبَطَ أَعْمَالَهُمْ (٢٨)

«Бұл олардың Аллаһты ашуландыратын нәрселерге ілесіп, Оның разылығын жек көргендіктен; сондықтан да Аллаһ олардың амалдарын зая етті»

(«Мухаммад» сүресі, 228-аят).

Бақытсыз адамдар Аллаһтан қашады (бірақ Аллаһтан қашып, жасырынуға болады ма?), ал бақытты адамдар біздің өмірімізде және бүкіл ғаламда орын алып жатқан кез келген, тіпті ең кішкентай оқиға мен құбылыстың тек Жаратушы Аллаһқа ғана тәуелді екенін түсініп, Оған қарай ұмтылады. Қанша өмір сүретініміз, қандай береке-бірлікке ие болатынымыз, денеміздің қаншалықты сау болатындығы, қандай жоспарларды жүзеге асыра алатынымыз, қайсысын жүзеге асыра алмайтынымыз – бұның бәрі де тек Ұлы Аллаһқа тәуелді. Ол – Раббы, яғни Ол ғана барлық нәрсені шешеді, Ол ғана бәрін жаратады, ғаламдағы бүкіл құдірет тек Оған тиесілі, барлық істерді тек Ол ғана басқарады және билік етеді, барлық адамдар мен әрбір жаратылысқа

оның өмір сүріп тіршілік етуі үшін қажетті несібесін тек Ол ғана береді. Ол ғана тірілтіп, өлтіреді, Ол байытады және кедей етеді, Ол ғана береді және айырады, күлдіртеді және жылатады, жоғарылатады және төмен етеді.

Құран Кәрімде былай деп айтылған:

قُلِ اللَّهُمَّ مَالِكَ الْمُلْكِ تُؤْتِي الْمُلْكَ مَنْ تَشَاءُ وَتَنْزِعُ الْمُلْكَ مِمَّنْ تَشَاءُ وَتُعِزُّ مَنْ تَشَاءُ وَتُذِلُّ مَنْ

تَشَاءُ ۚ بِيَدِكَ الْخَيْرُ ۚ إِنَّكَ عَلَىٰ كُلِّ شَيْءٍ قَدِيرٌ

تُولِجُ اللَّيْلَ فِي النَّهَارِ وَتُولِجُ النَّهَارَ فِي اللَّيْلِ ۚ وَتُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ وَتُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ

الْحَيِّ ۚ وَتَرْزُقُ مَنْ تَشَاءُ بِغَيْرِ حِسَابٍ

«Айт (ya Мухаммад:) «Уа Патшалық Иесі Аллаһ! Кімге қаласаң билік (пен байлық) бересің де, кімнен қаласаң билік (пен байлықты) алып қоясың. Сондай-ақ кімді қаласаң ардақтайсың да, кімді қаласаң қорлайсың. (Бүкіл) игілік Сенің қолыңда. Шәксіз, Сенің күш-құдіретің әр нәрсеге жетеді. Сен түнді күндізге айналдырасың, әрі күндізді түнге айналдырасың. Сондай-ақ өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарасың. Әрі кімге қаласаң, соған сансыз несібе бересің»

(«Әли Имран» сүресі, 26-27 – аяттар).

Олай болса, әрқайсымыз үшін ең бастысы – Аллаһтың разылығына қол жеткізу. Ол разылық ешкімге әшейін, яғни «сұлу болғаны үшін ғана берілмейді» деп айтылатындай берілмейді әрі біреудің ақшасына да сатып алынбайды. Оған тек Аллаһқа құлшылық ету арқылы, Оның бұйырған және жақсы көретін істерін орындау арқылы, әрі Оның тыйым салған және жек көретін нәрселерін тәрк ету арқылы қол жеткізуге болады.

Ақылы толық адам ешқашан ешкімнің разылығын Аллаһтың разылығынан жоғары қоймайды, адамдардың көңілдерінен шығуды Жаратушының разылығынан артық көрмейді. Ал ақымақ әрі иманы әлсіз адам қандай тәсілмен болса да, тіпті Аллаһ жек көретін әрі разы болмайтын нәрселерді істеп болса да, адамдардың көңілінен шығуды, соларға ұнауды қалайды. Ол үшін адамдардың пікірі мен олардың оған жақсы қатынас жасауы Аллаһ Тағаланың разылығынан маңыздырақ. Ол адамдардан қорқады, бірақ өз Раббысынан қорықпайды.

Бірақ істің шынайы мәні мұндай өмірлік қағида мен ұстанымның соңы - тығырыққа тірелу, ешбір күмәнсіз ұтылу, күйреп құлау және ащы түңілу екенінде.

Неліктен? Өйткені сен солардың разылықтарын кез-келген жолмен, тіпті Аллаһтың разылығынан айырылумен болса да іздеген адамдарың саған ешқашан разы болмайды. Барлық адамдардың көңілінен шығып, разылығына қол жеткізу мүмкін емес.

Баласы және есегімен жолда келе жатқан адам туралы астарлы әңгімені есіңізге түсіріңіз. Әлгі адам баласын есекке міңгізіп, өзі қасында жаяу жүрді. Мұны көрген жұрт: «Мына адамның баласы неткен әдепсіз екен! Өзі есекке мініп алып, әкесін жаяу жүргізіп қойыпты», - деді. Адамдардың мұндай айыптауын естіген әлгі әке мен бала орындарын ауыстырды да, енді әкесі есекке отырды, ал ұлы жаяу жүрді. Бірақ жолда кездескен адамдар: «Не деген рақымыз әке! Өзі есекке отырып алып, ұлын жаяу жүргізіп қойыпты», - деді. Адамдардың айыптауларына қайта ұшырған әке енді баласын есекке өзімен бірге отырғызуды ұйғарды. Бұл жолы оларды көрген жұрт: «Мына рақымсыздарға қараңдаршы! Бейшара жануардың үстіне екеуі қосылып отырып алыпты!», - деді. Кейін әкесі мен баласы есектен түсіп, есіктің қасында жаяу жүруге мәжбүр болды. Бірақ бұл жолы да адамдар оларды жайына қалдырмай: «Мына есалаңдарға қараңдаршы! Есектері болса да, қасында жаяу жүр!», - деді. Адамдар оған разы болу үшін бұл адамға не істеу қалды? Есекті алып, арқасына отырғызып алу қалды ма? Расында да, барлық адамдардың көңілдерінен шығу мүмкін емес. Сондықтан да іс жүзінде шынымен де дұрыс, пайдалы, салиқалы және Аса Жоғары Аллаһқа ұнамды нәрсені істеу қажет.

Имам әш-Шафиғи былай деген: «Адамдардың көңілінен шығу – қол жетпес мақсат. Ендеше, маған сау ақыл-парасат жолын ұстану ғана қалды. Өзіңе пайдалы болған нәрсені істе де, осыда бекем тұр». Яғни Аллаһ жақсы көретін істерді істеңіз, сонда бұл сізді жетістікке әкеледі.

Бірде бір кісі Хасан әл-Басриге: «Кейбір сізбен араласып жүрген және мәжілістеріңізге келетін адамдар осыны сізден әлдебір айып тауып, сосын осыны сізге қарсы дәйек ету үшін істейді», - деп айтқан болатын. Сонда бұл ұлы имам, дін мен Сүннеттің білгірі, салиқалы әрі дана Хасан әл-Басри әлгі кісіге: «Бұл жайлы еш уайымдама! Расында, мен өз жанымды Жәннат бақтарын

қалауға үндедім және ол соларды қалады, кейін мен оны Тозақ отынан құтылуға үндедім әрі ол құтылуды қалап, аңсады. Ақырында мен оны елдің наразылығынан арылуға үндедім, бірақ осыған жетудің ешқандай жолын таппадым. Өйткені адамдар тіпті өздерінің Жаратушысы, Ризық берушісі болған Аллаһқа наразы болып жатады ғой, ендеше олар қалайша өздері секілді жаратылысқа разы болмақ?!», - деп жауап берген екен.

Муса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бірде былай деп айтқаны жеткізіледі: «Уа Раббым! Адамдар мен жайлы шын мәнінде жоқ, іс жүзінде болмаған нәрселерді айтады!», - деді. Яғни Муса Аллаһтан өзін адамдардың осы әділетсіздігінен құтқаруын сұрады. Сонда Аллаһ Тағала: **«Уа Муса! Мен сенің сұрап жатқан нәрсеңді тіпті Өзім үшін істемедім! Ендеше оны сен үшін қалайша істеймін?»**, - деді.

Басқа әйгілі ғұлама, имам Мәлик ибн Динар бірде былай деген еді: «Мен адамдарды танып білгеннен бері, олардың мақтауларына да қуанбаймын, сөгістеріне де ренжімеймін». Адамдар одан мұның себебін сұрағанда, ол: «Өйткені олардың мақтаушылары мақтауда, ал айыптаушылары айыптауларында шектен шығады», - деп жауап берді.

Бұл ақиқатты салиқалы, иманды, тақуа адамдар ежелден-ақ біледі, сондықтан да олар адамдардың «разылығы» деп аталатын сағымнан гөрі Аллаһтың разылығын артық көреді. Имам әш-Шәфиғи былай деген екен: «Кез келген адамның оны жақсы көретіндері де, жек көретіндері де болады. Әрі бұл міндетті түрде болуға тиіс екен, онда адам Аллаһқа мойынсұнушылармен бірге болсын».

Барлық адамдардың жүректері ешқашан саған деген сүнспеншілікте бірікпейді, олардың арасында міндетті түрді сені мақтайтындар да, сөгетіндер де болады. Ендеше, Аллаһтың жақсы көретін ісімен айналыс, адамдардың сен туралы айтатын әңгімелері мен шығаратын үкімдеріне өлшем ретінде қараудың қажеті жоқ.

Барлық адамдардың разылығына жету мүмкін емес, сондықтан бұл Құранда да, Сүннетте де бұйырылмаған. Құран мен Сүннетте әділдік жасау, адамдардың құқықтарын орындау және ізгілік жасау бұйырылған, бірақ олардың разылықтарын іздеу әмір етілмеген, бұл тіпті құпталатын да амал емес. Олардың кейбіреулері сізге міндетті түрде наразы болады. Сондықтан да

адамдар сізге наразы болса да, бірақ Аллаһ сізге разы болған жағдайда болғаныңыз сіз үшін жақсырақ. Бұл сіз үшін адамдар да сізге наразы, Аллаһ Тағала да сізге мүлде разы болмайтын жағдайдан жақсырақ! Бірде Мухаммад Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабасы және мұсылмандардың бесінші халифасы, алғашқы әрі ең жақсы патшасы болған Муғауия (Аллаһ оған разы болсын) мұминдердің анасы, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ізгі әйелі Айша анамызға (Аллаһ оған разы болсын): «Маған өзіңізден бір қысқа өсиетпен хабар жіберіңіз», - деп хат жазды. Сонда Айша анамыздың оған жауап хатында не деп жазғанына қараңыз:

سَلَامٌ عَلَيْكَ! أَمَّا بَعْدُ: فَإِنِّي سَمِعْتُ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ يَقُولُ: " مَنْ التَّمَسَ رِضَا اللَّهِ بِسَخَطِ النَّاسِ, كَفَاهُ اللَّهُ مُؤَنَّةَ النَّاسِ, وَمَنْ التَّمَسَ رِضَا النَّاسِ بِسَخَطِ اللَّهِ, وَكَلَّهُ اللَّهُ إِلَى النَّاسِ ". وَالسَّلَامُ عَلَيْكَ

«Әс-сәләму алейкум!». Кейін: «Расында, мен Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін естігенмін: «Кім адамдарды ашуландырып болса да Аллаһтың разылығын іздесе, Аллаһ оны адамдардың зияны мен ашуынан құтқарады. Ал кім Аллаһты ашуландыру арқылы адамдардың разылығын іздесе, Аллаһ оны сол адамдарға тапсырып қояды». «Әс-сәләму алейкум!»

(хадисті әт-Тирмизи, 2414 келтірген; әл-Әлбани «Әс-силсилят әс-сахиха» еңбегінде хадисті сенімді деп атаған, 2311).

Демек, Аллаһтың разылығын іздеген адамды Аллаһ Тағала басқалар әкелген қиындықтардан қорғап, құтқарады; оны Аллаһ Тағаланың Өзі қорғап, қамқорлыққа алады. Ал кімде-кім Аллаһты елемей, адамдардың разылығын іздесе, Аллаһ Тағала ондай адамды сол адамдарға тапсырып қояды, яғни оларға оны ренжітуге, оған зәбір көрстеуге, жәбірлеуге мүмкіндік береді.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген еді:

مَنْ التَّمَسَ رِضَا اللَّهِ بِسَخَطِ النَّاسِ, وَرَضِيَ اللَّهُ عَنْهُ, وَأَرْضَى عَنْهُ النَّاسُ, وَمَنْ التَّمَسَ رِضَا النَّاسِ بِسَخَطِ اللَّهِ, سَخَطَ اللَّهُ عَلَيْهِ, وَأَسَخَطَ عَلَيْهِ النَّاسَ

«Кімде-кім Аллаһтың разылығын, тіпті бұл адамдарды ашуландырса да, іздесе, Аллаһ оған Өз разылығын да, адамдардың разылығын да нәсіп етеді; ал

кім Аллаһты ашуландырып, адамдардың разылығын іздесе, Аллаһ оны Өзінің де, адамдардың наразылығына ұшыратады»

(хадисті Ибн Хиббан, 276; әл-Құдағи, 499 келтірген; әл-Әлбани оны «Әс-силсилят әс-сахиха» еңбегінде сенімді деп атаған, 5/392).

Адамдарға ұнамаса да, Аллаһ Тағаламен жақсы қарым-қатынасын сақтауға тырысатын адам – ақылды адам. Егер құл Аллаһтың разылығы үшін шынайы әрі ықыласты түрде талпынса, Аллаһ оған разы болады және Өз мейірімін төгеді, өйткені Ол жомарттардың Жомарты. Сондай-ақ Аллаһ Тағала басқаларды да бұл адамға разы қылады, Аллаһ олардың жүректеріне оған деген сүйіспеншілік пен рақымдылық орнатады, өйткені адамдардың жүректері Аллаһтың иелігінде. Ал Аллаһтың құқықтарын бұзып болса да адамдарды разы етуге тырысқан, адамдармен жақсы қарым-қатынастарды Аллаһпен жақсы қарым-қатынастан жоғары қойған әрбір адам ұмтылған нәрсесінен керісін алады: яғни Аллаһ адамдардың жүректерін одан кері бұрады да, оған наразы, ашулы етіп, оған қатысты қарым-қатынастарын нашарлатады.

Аллаһ Тағаладан қорқуға қарағанда адамдардан, олардың пікірінен қаттырақ қорқатын адамдар қанша ма десеңізші? Олар адамдардың сөздерінен қорқып, Аллаһ Елшісінің жолын ұстанудан, намаздан және Жаратушының басқа бұйрықтарынан бас тартады немесе керісінше, тіпті Жаратушы тыйым салған нәрселерді істеп жатады. Ал сол адамдар сізді Аллаһқа деген мұқтаждықтан немесе Оның азабынан құтқара алады ма? Ендеше оларға байланудың қажеті не? Егер олар бәрібір ештеңе шеше алмайтын болса, онда олардың разылығының қуудан не пайда? Сіздің жақсылыққа жетуіңіз де, зиян көруіңіз де, мұның бәрі бір Аллаһтың ғана қолында. Сізбен тек Аллаһтың тағдырыңызға жазғаны ғана орын алады, сондықтан да шын жүрегіңізбен тек Аллаһқа ғана тәуекел етіңіз, сонда сіз жан тыныштығын табасыз.

Бұл кейбір адамдарға ұнамаса да, Жаратушыға мойынсұнуға ұмтылу қажет. Сіздің тазалығыңызды, Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындауыңызды ұнатпайтын адам дер кезінде есін жиып осынысынан қайтпаса, ертелі-кеш Аллаһтың алдында қор болады. Жаратылған әлдебіреу үшін Аллаһ Тағаланы ашыландырмау керек, өйткені бұл жағдайда біз Аллаһ Тағаланың наразылығына да, адамдардың наразылығына да ұшырап, екі жақтан да зардап шегетін боламыз.

Оның өсиеттеріне Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзі құлақ салуға кеңес берген ардақты сахаба АбдуЛлаһ ибн Масғуд мынандай керемет өсиет берген екен: *«Ешбір жағдайда: «Мен әрқашан басқа адамдар секілдімін, егер олар тура жолмен жүрсе, мен де солармен біргемін, ал егер олар адасса, мен де соларға еремін», - деп айтатын бейімшіл кімсе болма».*

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі